

## "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының бюджетпен өзара есептесуі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 наурыз N 343

Жылу-энергетика кешенінің жұмысын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының республикалық бюджетке заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша 719 (жеті жүз он тоғыз) млн. теңге берешегіне республикалық бюджеттік мекемелердің энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға берілген жылу және электр энергиясы үшін берешегін өтеу есебінен қосымшаға сәйкес есептеу жүргізсін.

2. Павлодар облысы әкімінің "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының жергілікті бюджетке 479 (төрт жүз жетпіс тоғыз) млн. теңге сомасындағы заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы төлемі берешегін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер бойынша

жылу және электр энергиясы үшін берешегін өтеу есебіне осы қоғамның көмір беру жолымен өтеуі жөніндегі ұсынысы қабылданын.

3. Аталған есептеу 1996 жылдың кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 25 наурыздағы  
N 343 қаулысына  
қосымша

Жылу-электр энергиясы үшін есептеу жүргізілетін  
республикалық бюджеттік мекемелердің тізбесі

сомасы, мың теңге

Әскери институт  
ҰҚК

2000  
20262

Мемматрезервтер	13945	
Қорғанысмині	175657	
Біліммині	66474	
Көлікмині	167117	
ҚазМҰУ	26600	
Экономмині	457	
Әділетмині	1448	
Қазақстан Республикасы Президентінің		
Іс басқармасы	780	
Денсаулық мині	22605	
Қаржымині	2357	
Мәдениетмині	18218	
"Қазақстан теледидары мен радиосы"		
республикалық корпорациясы		38133
Қазгидромет	7019	
Экобиоресурсмині	1800	
Орманшаркомы	15000	
Ауылшармині	28675	
Суресурскомы	2738	
Ішкі әскерлер	64500	
Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет		6307
АҚ штабы	6308	
Шекара әскері	16500	
Қазгеодезия	14100	
Барлығы	719000	